

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет
аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналық мемлекеттік кәсіпорыны**

Хаттамасы

№2

Махамбет ауылы

28 маусым 2024 жыл

Өткізілген орны: Махамбет ауылы, Ө.Есмағамбетов көшесі, 21/1 акт зал.

Жиналыс төрағасы: С.С.Санидбаев – директордың у.м.а.

Жиналыс хатшысы: С.С.Галиева – комплаенс офицері.

Қатысқандар: Махамбет аудандық аурухана қызметкерлері

Күн тәртібінде:

- 1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу бойынша
Махамбет аудандық ауруханасы қызметкерлеріне түсіндірме жұмысын
жүргізу туралы.**

Махамбет аудандық аурухана директорының орынбасарының у.м.а
Б.А.Сактапова: баяндады: Қоғамда тамырын тереңге жайып, өкінішке орай көптеген тың бастамаларға тұсау болып, әр отбасының әл, ауқатына, мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуына, кез-келген салада жетістікке жету жолындағы ең үлкен кедергіге айналып, кері әсерін тигізетін мәселенің бірі-сыбайлас жемқорлық. Яғни, бұл-қоғам дерті.

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған індеттің бірі. Бұл індет біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекет әр салада жүзеге асырылуда. Алайда күнделікті өмірде халық әсіресе парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келуде. Ал осының алдын алу үшін кез келген ортада пара беру мен алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Ұжымда әрдайым жемқорлыққа төзбеушілікке бағыттап, жұмыс жүргізу керек. «Бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге баратын тұлғалардың ақыр түбінде тұтылатынын әрбір азамат түсінуі тиіс. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра отырып, қоғамда сананың өзгеруіне түрткі болуымыз.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді. Осы бір түсінікті қоғам санасына сіндіріп, иммунитет қалыптастыру міндет. Осы жолда бірге әрекет етейік, бірге күресейік.

Комплаенс офицері: С.Галиева «Махамбет аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК – нің комплаенс қызметінің 2024 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс –шара жоспарымен таныстырып өтті. Биылғы жылдың шілде айына аурухана бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетіні хабарланды.

Сөз сөйлеген кәсіпорын директорының у.м.а С.Т.Сандыбаев: Қызметтік өкілетті теріс пайдалану, асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған қортынды беру, жалған жауап беру, жауап беруден жалтару т.б. қылмысқа итермелейтін фактілерге жол бермеуіміз қажет. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу, сонымен қатар мәдениетті қалыптастыру біздің басты мақсатымыз болуы қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу бойынша жоспарға сай өткізілетін алдағы жұмыстарға ұжым болып ат салысу.

ШЕШІМ ЕТТІ:

Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды ұдайы жүргізу;

Жиналыс соңында қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жиналыс төрағасы :



С.Сандыбаев

Комплаенс офицері:



С.Галиева